

О.Ж. Ошанова Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.,
e-mail: oryntay73@gmail.com

ӘЛЕУМЕТТІК МЕДИАНЫ ҚОЛДАНУ ЖӘНЕ БАЛАЛАР ҚҰҚЫҒЫН ҚОРҒАУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Қазіргі таңда телевизия мен радио сияқты дәстүрлі бұқаралық ақпарат құралдарындай жаңа әлеуметтік медиа да күн сайын қарқынды дамып, ықпалды әрі тартымды бола түсуде.

Осы зерттеудің мақсаты балалардың құқықтарын қорғау мәселелері бойынша алдыңғы шолулардың шеңберін кеңейту болды және бастауыш және орта мектеп оқушыларына баса назар аудару, өйткені зерттеулер көрсеткендей, балалар ұялы телефондар мен әлеуметтік медианы осы кезеңде белсенді қолдана бастайды.

Бұл мақалада қазіргі кезде елімізде өзекті болып отырған интернет кеңістігін құқықтық тұрғыдан реттеу мәселесінің маңыздылығы сипатталады. Оның ішінде ғаламтордың балалар үшін зиянды қауіп-қатерінің күннен-күнге артып келе жатқандығы туралы сөз болады. Бұл сұрақ біздің еліміздің ғана емес, барлық әлемнің құқық қорғаушылары мен БАҚ өкілдерін толғандырып отыр. Мұның себептері де салмақты, біріншіден, бұл ұлттық қауіпсіздік, азаматтардың құқықтары мен еркіндіктерін қорғау, екіншіден, сөз бостандығы мен жариялылығы мәселелерімен тығыз байланыста қарастырылатындығында болса керек, бұл зерттеудің құндылығын көрсетеді.

Мақалада тақырыпқа орай статистикалық мәліметтерді және қажетті деректерді жинастыру, оларды талдау, саралау, салыстыру, сонымен қатар инфографиялық әдіс-тәсілдер сияқты зерттеу әдіснамасы қолданылған.

Автор еліміздегі әлеуметтік желілердің балаларға қолжетімділігі және оның ықпалы туралы деректерді алға тарта отырып, бұл бағытта мемлекет пен қоғам тарапынан заңдық реттеу шараларын қолға алу қажеттігін көрсетеді. Мақала авторы осы бағыттағы шетелдік реттеу шараларын жан-жақты талдай келіп, сонымен қатар олардың озық тәжірибелерін сараптайды. Бұны зерттеудің негізгі нәтижелері ретінде қаастыруға болады.

Түйін сөздер: интернет, әлеуметтік медиа, құқықтық реттеу, балалар құқығы, ақпаратты бұғаттау, ақпаратқа қолжетімділік, қауіпсіздік.

О.Ж. Ошанова

Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы
e-mail: oryntay73@gmail.com

Использование социальных сетей и вопросы защиты прав детей

Подобно традиционным средствам массовой информации, таким как телевидение и радио, новые социальные сети с каждым днем становятся все более влиятельными и привлекательными. Цель настоящего исследования состояла в том, чтобы расширить рамки предыдущих обзоров по вопросам защиты прав детей, сосредоточиться на категории учащихся начальной и средней школы, которая, согласно статистике, уже активно пользуется мобильными телефонами и социальными сетями.

В статье автор поднимает актуальный вопрос правового регулирования казахстанского интернет-пространства. Рассматриваются вопросы сочетания методов правового регулирования и саморегулирования в Интернете. В том числе речь идет о том, что с каждым днем растет угроза со стороны Интернета для детей. Оцениваются перспективы мягкого права в международном регулировании Интернета, в развитых странах. Особенно автор обращает внимание на такие темы, как киберзапугивание, разжигание ненависти в Интернете, посягательство на честь и достоинство граждан. Таковы основные темы и результаты исследования.

Актуальность данной темы выражается в том, что Интернет до сих пор недостаточно урегулирован с точки зрения права. Постоянное увеличение числа абонентов, растущая значимость обмена информацией посредством Сети, привлекают пристальное внимание общественности к проблемам регулирования, выработке правил справедливого, легитимного функционирования Интернета со стороны государства.

В статье использованы методы сбора статистических данных и необходимых фактов, их анализа, ранжирования, сравнения, а также инфографические методы.

Основные проблемы правового регулирования связаны с порядком, условиями использования телекоммуникационных сетей и защиты прав, законных интересов различных субъектов при перемещении информации в глобальных компьютерных сетях. Существует необходимость разработки адекватного всем современным условиям национального законодательства. В этом заключается ценность данного исследования.

Ключевые слова: Интернет, медиа, правовое регулирование, права детей, блокировка информации, доступ к информации, безопасность.

O.Zh. Oshanova

Al-Farabi Kazakh national university, Kazakhstan, Almaty
e-mail: oryntay73@gmail.com

Social media use and protection of children's rights

Similar to traditional media, such as television and radio, new social media are becoming more influential and attractive every day. The goal of the present study was to expand the scope of previous reviews on child protection issues to focus on primary and secondary school students, ages when research indicates that children begin to use mobile phones and social media.

The actual issue of legal regulation of the Kazakhstan Internet space raises in the article. The author examines the issues of combining the methods of legal regulation and self-regulation on the Internet. In particular, we are talking about the fact that the threat from the Internet for children is growing every day. Prospects of soft law in the international regulation of the Internet, in countries such as the United States, Great Britain and Russia are assessed from different points of view. Especially the author draws attention to such topics as cyberbullying, hate speech, pornography and encroachment on the honor and dignity of citizens. This can be considered as the main results of the researches.

The relevance of this topic is expressed in the fact that, the Internet is still not sufficiently regulated from the legal point of view. The constant increase in the number of subscribers and the growing importance of information exchange through the network attract the public's attention to the problems of regulation, the development of rules for the fair, legitimate functioning of the Internet by the state.

The author uses methods of collecting statistical data and necessary facts, their analysis, ranking, comparison, as well as infographic methods.

The main problems of legal regulation are related to the order and conditions of the use of telecommunications networks and protection of the rights and legitimate interests of various entities during the transfer of information in global computer networks. There is a need to develop an adequate national legislation with all modern requirements.

At present, the information legislation of Kazakhstan and other neighboring countries are very extensive. However, it is still far from perfect and requires working out and adoption of new acts. This is the value of this study.

Key words: Internet, social media, legal regulation, children's rights, blocking of information, access to information, security.

Кіріспе

Бүгінгі күнде елімізде өзекті болып отырған тақырыптардың бірі – интернет кеңістігін құқықтық тұрғыдан реттеу мәселесі, оның ішінде балалардың құқығын қорғау. Өйткені ғаламтордың балалар үшін зиянды қауіп-қатері күннен-күнге артып келе жатыр. Бұл сұрақ біздің елдің арнайы сала мамандарын ғана емес, барлық әлемнің құқық қорғаушылары мен БАҚ өкілдерін, әсіресе, ата аналарды қатты ойландырып отыр. Мұның себептері мен салдары да салмақты, біріншіден, бұл – ұлттық қауіпсіздік мәселесі, екіншіден, азаматтардың құқықтары мен ақпарат алу еркіндіктерін қорғау, үшіншіден, сөз бостандығы мен жариялылығын қамтамасыз ету, төртіншіден бұл ел болашағы

– балалардың жеке бас құқығын сақтау және қорғау мәселелерімен тығыз байланыста қарастырылатындығында болып тұр.

Технологиялар біздің күнделікті өмірімізге етене кіріп кеткені соншалықты, біз олардың пайдасын ғана ойлап, зияны туралы жүйелі түрде бағамдай бермейміз.

Электрондық медиа үлкен ересек адамдардың ғана емес, балалар мен жасөспірімдердің өміріне етене араласып, күнделікті қолданыстағы қажетті бұйымға айналып кетті. Ең басты ескеретін мәселе, бұл олардың өмірін түбегейлі өзгертіп қана қоймай, оларға ықпал ететін маңызды құралға айналып үлгерді. Сондықтан да қазіргі күні оқушыларға әлеуметтік желіні дұрыс мақсатта пайдалану және олардағы

теріс ақпараттарды тұтынбаудың жолдарын білу сияқты қорғаныс факторларын үйрету мәселесі, күн тәртібіне шығып отыр. Әрине, бұл бағытта елімізде мектеп оқушыларына арнап «Медиасауаттылық» курстарының оқытыла бастағаны қуантарлық жайт, дегенмен бұл аздық етеді және бұл мәселе мемлекет тарапынан жүйелі түрде шешілуді күтетін тақырып. Ал, біз өз тарапымыздан әлеуметтік медианы қолдану барысында балалардың құқығын қалай қорғау керек, қазіргі таңда интернеттен келер қауіп қандай және бұл бағытта елімізде және әлемнің дамыған мемлекеттерінде әлеуметтік және заңдық тұрғыдан қандай кешенді жұмыстар атқарылып жатыр деген мәселе жайлы зерттеу жүргізіп, өз тұжырымдарымызды айтуды мақсат еттік.

Интернет әлемдік желіде бақылаусыз немесе мақсатты түрде деструктивті ақпараттардың түрлі ағымдарын таратудың алаңына айналып отырғаны да жасырын емес, олай болса бұл саланы заңдық тұрғыдан реттеуде шетелдің озық тәжірибелерін үлгі етіп, сонымен қатар мемлекеттік бақылауды да күшейту қажет.

Тақырыпты таңдауды дәйектеу және мақсаты мен міндеттері. Жылдан жылға әлеуметтік желілерді қолданушылар саны артып келеді. Соңғы 11 жылда 55%-дан 86%-ға өскен (Bozzola E, Spina G, Ruggiero M, Vecchio D, Carusi C, Bozzola M, 2015). Ал олардың жас мөлшеріне келсек, мысалы бір ғана Италияда Фейсбукты жалпы қолданушылар саны 30 млн болса, солардың 60% 25 пен 55 жас аралығында (Bozzola E, Staiano A.M., Spina G, Zamperini N., Marino F., Corsello G., 2021). Ал қалған 40 пайызын 25 жасқа дейінгі жастар құрайды, оның ішінде балалар да бар.

Телевизия мен радио сияқты дәстүрлі бұқаралық ақпарат құралдары сияқты, жаңа әлеуметтік медиа да күн сайын тауарлар мен қызметтерді ұсыну бағытындағы ұстанымдарын күшейте түсуде. Ықпалды әлеуметтік медиа сонымен қатар қоғамдық денсаулықты алға жылжытудың тартымды алаңы болып табылады және оларды денсаулық сақтау ұйымдарымен бірлесе қолдану біртіндеп қанат жаюда (Kostygina G, Tran H, Binns S, Szczyrka G, Emery S, Vallone D, 2020).

Шетелдік ғалымдар әлеуметтік желілердің балаларды қорқытып-үркітудің ошағына айналып отырғаны туралы да зерттеулер жүргізуде (Evangelio C., Gonzalez S., 2021). Мәселен, зерттеушілерге мектеп жасында кибершабуылға ұшыраған оқушылар депрессия немесе

мазасыздық сияқты жағымсыз сезімдерді бастан кешкендері туралы хабарлаған. Олар көбінесе жеке басты қорлау сценарийлерімен тікелей байланысты (кибершабуыл, киберқорқыту немесе киберқұрбандық). Әр түрлі компьютердік бағдарламалар оқушылардың кибершабуылға ұшырауына ерте жастан ықпал ететіндігін көрсеткен, бұл балалар ұялы телефондар мен әлеуметтік медианы қолдана бастаған кезден оның алдын-алу өте маңызды екенін айғақтайды.

Европа ғалымдарының жалпы электрондық медианың, оның ішінде әлеуметтік желілер де бар, балалардың және жасөспірімдердің физиологиялық тұрғыдан өсуіне нақтырақ айтсақ, олардың ұйықтау процесіне ықпалы қандай деген тақырыпта ауқымды зерттеулер жүргізген (Lund L., Solvhoj N.I., Danielsen D., Andersen S., 2021). Назар аударарлық мәселе, электрондық медиа мен ұйқы процесінің арасындағы байланыс 0–5 жастағы сәбилерге қарағанда 6–15 жас аралығындағы балалармен өте тығыз деңгейде болады және электрондық құралдарды пайдалану олардың ұйқысын қысқартып, беймаза күйге түсіреді екен.

Әлеуметтік медиа тұтынушыларға көптеген видеоөнімдерді және контенттерді пайдалануға мүмкіндік береді, оның ішінде порнография да бар. Порнографиялық материалдарды тұтыну, сондай-ақ материалдардың осы түріне байланысты проблемалар жылдар бойы артып келеді, әсіресе жасөспірімдер арасында. Қазіргі уақытта порнографиялық контенттің тағы бір түрі кең таралған, ол – балалар порнографиясы. Әлеуметтік медиа бұл мазмұндағы материалдарды таратуға қаншалықты ықпал етеді? Бұл мәселені анықтау үшін зерттеушілер, 2020 жылы, Twitter-ден алынған балалар порнографиясын тұтыну туралы мәліметтер негізінде сауалнама ұйымдастырып, бірқатар талдаулар жүргізген, содан кейін Twitter-дің осы мазмұнды таратуға және тұтынуға айтарлықтай деңгейде әсер ететінін анықтаған (Raphael Reis Coelho Jonice de Oliveira, 2021).

Интернеттегі ең үлкен проблемалардың бірі – өшпенділік тілі, яғни қасақана адамдарды кемсіту. Зерттеулерге сәйкес, Ұлыбританияда интернеттегі өшпенділікті тудыру деректері, жеккөрушілік пандемия басталғаннан бері 20%-ға өскен [Dan Whitehead, 2021]. Қорлау мен зорлық-зомбылыққа қарсы күресетін Ditch the Label қайырымдылық ұйымы сандық тұтынушылық аналитика Brandwatch компаниясымен бірге 2019 жылдан бастап 2021 жылдың ортасына дейінгі кезеңде әлеуметтік желілерде,

блогтарда және форумдарда Ұлыбритания мен АҚШ-тағы 263 миллион онлайн сөйлесулерді тексерген.

Сөзбен қорлау және нәсілшілдіктің ең көп өсуі Азия халқының өкілдеріне бағытталған деп табылды: өткен жылы 2019 жылмен салыстырғанда жеккөрушілік және кемсіту сипатындағы сөздер саны 1662%-ға өскен.

Ditch the Label компаниясының бас директоры Доктор Лиам Хакетт: «Интернеттегі араздық тілі рекордтық деңгейге жеткені және кейбір қауымдастықтар үшін төзбейтін мәселе екені анық. Әрине, ең алаңдатарлық деректер нәсілшілдік пен азиялық жеккөрушілікке байланысты, маргиналды қауымдастықтарға бағытталған, үлкен қарқындылықпен дамушы теріс әрекеттер».

Доктор Хакетт Sky News-ке пандемия бұл мәселені ушықтырғанын айтты. «Біз пандемияны құйынды дауыл деп санаймыз, онда бәріміз кенеттен бос уақытымыз көп болып үйге камалдық, ал іс жүзінде ұлттың психикалық денсаулығы нашарлады. Осы екі нәрсені байланыстырған кезде, жеккөрушіліктің өсуі таңқаларлық емес», – деді ол.

Зерттеудің негізгі тұжырымдары:

– Ұлыбританияда пандемия басталғаннан бері интернеттегі жеккөрушілік сезімінен туындаған жағдайлар мен пікірталастар саны 20% - ға өсті;

– 2019 жылдан бастап 2021 жылдың ортасына дейін орта есеппен әр 1,7 секунд сайын нәсілшілдік немесе этникалық топқа қатысты жеккөрушілік туралы жаңа хабарламалар пайда болған.

Әлемге танымал әлеуметтік желілердің басшылары да өз платформаларындағы жарияланған контенттердің пайдасымен қоса, зияны да барын, әсіресе балаларға теріс ықпалы жоғары екенін жоққа шығармайды.

2021 жылдың қыркүйегінде Facebook қауіпсіздік қызметінің басшысы Антигон Дэвис АҚШ Сенатына балаларды қорғау шаралары туралы есеп берді (**Cristina Criddle, 2021**).

Бұл Instagram-ның жеке зерттеуі платформаның балалардың жайлы өмір сүруіне зиян тигізуі мүмкін екендігі туралы ақпарат жария етілгеннен кейін орын алды.

Instagram-ның бастығы Адам Моссеридің айтуынша, бұған дейін қосымшаның жасөспірімдердің психикалық денсаулығына әсері «өте аз деңгейде» болған.

Комитет Facebook-тің жеке зерттеуін жариялай отырып, жиналысты ашты, ол туралы

алғаш рет Wall Street Journal (WSJ) хабарлаған болатын, онда Instagram жастардың сыртқы келбет имиджіне және өзін-өзі бағалауға теріс әсер етуі мүмкін екендігі анықталды. «Жасөспірімдер «Instagram»-ды мазасыздық пен депрессия деңгейінің өсуіне кінәлайды» деген тұжырым жасалған.

Бірақ содан кейін Дэвис ханым Комитетке: «Біз бұл зерттеуді платформамызды жақсарту, жамандықты азайту және жақсылықты барынша арттыру және қай жерде жақсартуға болатындығын белсенді түрде анықтау үшін жүргізіп жатырмыз.

Біз платформаларымыздың достарымызбен және отбасымызбен мағыналы қарым-қатынас жасайтын орын болғанын қалаймыз және егер адамдар өздерін қауіпсіз сезінбесе, біз бұл мақсатқа жете алмаймыз» – деп мәлімдеді.

Сенаттың сауда, ғылым және көлік, тұтнушылардың құқықтарын қорғау, өнімнің және деректердің қауіпсіздігі жөніндегі кіші комитетінің төрағасы Ричард Блюменталь тамыз айында Facebook теріс корреляцияны көрсеткенін, кез-келген зерттеулер туралы білетінін жоққа шығарғанын атап өтті.

«Енді біз, олардың өздерін қорғау үшін әрекет еткен қадамдарының кешірілмейтін қылмыс екенін білеміз. Олар өздерін жауапқа тарта алмайды және маған тыныштық бермейтін мәселе – біз, ата-аналар немесе басқа адамдар бұл жайттардан кейін Facebook-ке қалай сене аламыз» – деді.

«Бұл зерттеу Instagram-ның жасөспірім қыздарға «улы» екенін көрсетеді деген жалған сөз, керісінше зерттеу, іс жүзінде, біз естіген көптеген жасөспірімдердің Instagram-ды пайдалану, оларға қиын сәттер мен әрдайым кездесетін қиындықтармен күрескен кезде көмектеседі деп сенетінін көрсетті», – деп жазды зерттеу жетекшісі Пратити Райчоудхури.

Facebook өздері жүргізген зерттеулер барысын суреттейтін слайдтарды жариялай отырып, бір ерекше назар аударатын мәселе - сыртқы келбетке қатысты шағымдардың болғанын мойындады.

Дене бітіміне қатысты проблемалары бар әрбір үшінші жасөспірім қыз Facebook-ті, Instagram-ды пайдалану оларды нашар сезімге бөлейтінін айтқан. Атап айтқанда, слайдтар көрсеткендей, сүзгіден өткен немесе монтаждаланған суреттер, селфи жариялау және хэштегтермен берілген, яғни тым әсерлендіріп, мінсіз етіп ұсынылған контенттерді қарау көңіл-күйге кері әсер етеді.

Қазіргі таңдағы әлеуметтік медиаға қатысты үлкен мәселе, ол – оқушылардың өздерінің бос уақытының көп бөлігін онлайн чатта отыруға жұмсап, бұл үрдістің жас балалардың оқу сауаттылығына орасан зор зиян келтіріп жатуы. Тағы бір ескеретін жайт, олардың оқу машығы баспаға басылған қағаз үлгісіндегі форматта емес, цифрлық дисплей арқылы қалыптасып жатқанында. Соңғы жылдары онлайн форматта тілдесу көлемі әлем бойынша өсіп кеткен (Luyten H., 2021).

Бұл айтылған деректер, әлеуметтік медиалардың балалар мен жасөспірімдерге деген теріс ықпалының бар екенін көрсетеді. Ал оларды санамалап берсек, ең бастылары – киберқорқыту, порнография, нәсілшілдік, бейәдеп сөздермен балағаттау, өшпенділік таныту және ең бір маңыздысы, жастарды өз-өздерін қор санауға итермелейтін контенттердің көптеп жариялануы.

Ал бұл мәселелерге қатысты біздің еліміздегі жағдай қандай, енді осы бағытта әңгіме өрбітейік.

ҚР БҒМ балалардың құқығын қорғау комитетінің 2018 жылғы баяндамасында (stat.gov.kz., 2018). жарияланған мәліметтерге сүйенсек, еліміздегі балалардың 50 пайызы кешкі сағат 22.00-ден кейін интернетте отырады, балалардың 30 пайызының интернет пен әлеуметтік желілерге психологиялық жағынан тәуелділігі өте жоғары. Сұралған балалардың 10 пайызы әлеуметтік желілер арқылы қатыгездікті, зорлық-зомбылық жән діни мазмұндағы идеяларды насихаттайтын материалдарға қолжеткізетінін айтқан. Балалардың 40 пайызы ата-аналарының олардың виртуалдық қызығушылықтарынан мүлдем хабары жоқ екенін мәлімдеген.

Әрине, желідегі достықтың жақсы тұстары көп, яғни балалар қатарластарымен ой бөліседі, проблемалары жайлы айтады, дегенмен мұның жағымсыз жағы да бар екенін айтқан жөн. Мысалға, 2016 жылы Сандж зерттеу орталығының зерттеулері бойынша 8-11 жастағы балалардың 2,7 пайызы, 12-17 жастағы жасөспірімдердің 7,1 пайызы өздерінің шынайы өмірдегіден виртуалды достарының көп екенін және оның ішінде 1,5 пайызы достарының мүлдем жоқ екенін жариялаған.

Жасөспірімдердің 2,9 пайызы әлеуметтік желі, интернет, мобильді қосымша арқылы кемсітушілікке, зорлық-зомбылыққа ұшырағандарын хабарлаған.

Бір ғана, балалардың 10 пайызының әлеуметтік желілер арқылы қатыгездікті, зорлық-зомбылық және діни мазмұндағы идеялар-

ды насихаттайтын материалдарға қолжеткізу деректері, бұл салада мемлекеттік деңгейде қолданылатын балаларды зиянды ақпараттардан қорғау жүйесінің тиімсіз болып отырғандығын көрсетеді. Жауапкершіліктің бір ұшы ата-аналарға да тиіп жатыр, олардың 40 пайызының балаларының виртуалдық қызығушылықтарынан мүлдем хабары жоқ.

Ата-аналар арасында жүргізілген сауалнамалар негізінде (2017 жыл) мектептердегі интернет қауіпсіздігі мәселесі жақсарғанын, алайда электрондық тәуелділікті (телефонға, әлеуметтік желілерге, бейне ойындарға, селфиге) жоюдың алдын-алу шараларының нашарлағанын көруге болады. Мәселен, интернет, әлеуметтік желі, WhatsApp-қа тәуелділік – 39,1%, ойынкұмарлық (жасөспірімдердің компьютерлік, мобильдік ойындарға тәуелділігі) - 20,5%.

Егер де бұрынғы жылдары ата-аналар балаларына келер қауіпті тек үйден сыртқары жерден күтсе, қазіргі кездегі қауіп-қатер көзі - үйдегі компьютер мен баланың қолындағы ұялы телефоны. Бұл – қазіргі заман шындығы. Осы орайда таяуда еліміздің парламент мәжілісінде балалардың құқықтарын қорғау мақсатында ҚР кейбір заңнамалық актілеріне түзетулер мен толықтырулар енгізу туралы заң жобасы мақұлданды (Мұхади А., 2021). Мұның ішінде еліміздегі шетелдік әлеуметтік желілерді шектеу мәселесі де бар. Бұл өте қажет және қолдайтын бастама тек бұл мәселені уақыт оздырмай шешкен дұрыс болар еді.

Зерттеу әдістері: тақырыпқа орай статистикалық мәліметтерді және қажетті деректерді жинастыру, оларды талдау, саралау, салыстыру, сонымен қатар инфографиялық әдіс-тәсілдерді де қолдану.

Нәтижелері және талқылау. Ғаламдық желі әр түрлі жастағы адамдарға қолжетімді және түрлі мақсаттарда қолданылады. Алайда, егер үлкен жастағы адамдар интернет кеңістікті шарлағанда өз қауіпсіздіктерін сақтай алса, ал балалар көптеген қауіп-қатерлерге кезігеді, мәселен жеке басқа қатысты ақпараттарды аңдушы кибер-алаяқтар мен балалардың өз-өздеріне зиян келтіріп, қол жұмсауына итермелейтін «өлімге итермелеуші топтар» құрған тұзақтарға түсіп қалулары мүмкін.

Біздің елімізде де әлеуметтік желіні тұтынушылар жылдан жылға артып келеді, сонымен қоса бұл үдерісті әлемді жайлаған пандемияның да қарқындытып жібергені жасырын емес. Ендігі кезекте осы мәселеге толығырақ тоқталып көрейік.



Қазақстан азаматтарының әлеуметтік желілерді қолдану үлесі (Білім беру статистикасы, 2021):

Бұл жерде балалардың да алар үлесі жоғары екенін пайымдауға болады. Енді осы орайда мектеп жасындағы балалардың интернетке қолжетімділігі мен пайдалану деңгейін бір сара-лап көрейік.

2018 жылы ауылдық жерлерде балалардың интернетті қолдану үлесі – 70 пайызды жуықтаса, ал қалалық жерлерде 75,7 пайызды құраған.

Еліміз бойынша 6-15 жас аралығындағы ин-тернет желісін пайдаланушыларды жалпы ре-спублика көлемінде алсақ, 2017 жылы 67,9 %, ал 2018 жылы 72,9%, бір жылдың ішінде олардың үлесі 5 пайызға артқанын көруге болады, ал қалалар бойынша тарқатсақ, Алматы қаласы бойынша 7 пайызға өскен, яғни 74,6%, ал Нұр-Сұлтан қаласы көлемінде аса үлкен өзгеріс бола қоймаған, 2017 жылы 77,9 пайыз болса, 2018 жылы 78,6 пайыз.

2018 жылы 6-15 жас аралығындағы балалардың ұялы телефонды қолдану үлесіне келсек, ауылдық жерлерде – 89,5%, қалалық жерлерде – 82,7%. Ауылдық жерде олардың үлесі қаламен салыстырғанда 7 пайызға жоғары екенін көруге болады.

Интернет желісіндегі ақпараттарды, ұлттық сегменттегі ресурстардың мазмұнын бақылау мақсатында және ұлттық қауіпсіздікті сақтау бағытында жағымсыз ақпарат көздерінің алдын алу үшін **дамыған елдер жылына 10 немесе 100 миллион доллар шамасында ақша жұмсайды**. Мұның бәрі тегін жасалып жатқан жоқ, олар ин-тернет арқылы келер қауіптің салмағын сезініп, осындай қадамдарға баруда.

Біздің елімізде де интернетті заңдық тұр-ғыдан реттеу бағытында шаралар ұйымдас-тырылуда, мысалы мемлекет жастар мен ба-лалар арасында Интернетке тәуелділіктің ал-

дын алу бойынша, сондай-ақ азаматтардың цифрлық беделін қорғау, әлеуметтік желілер мен Интернетте (порнографиялық сипаттағы материалдар, балаларға қатысты қатыгездік ту-ралы, экстремистік сипаттағы ақпарат, есірткі құралдарын, психотроптық заттарды неме-се олардың прекурсорларын насихаттау және басқалар) беттерге мониторинг жүргізу және бұғаттау, балаларды зиянды интернет-контент-ке қолжетімділіктен қорғау мақсатында бала-лар үшін бірыңғай тарифі бар СИМ-карталарын енгізу сияқты шараларды кешенді түрде жүргізіп келеді. 2020 жылы 3 млн. оқушылар мен ата-аналар интернетті пайдалану мәдениетін артты-ру, интернет-қызметтерді пайдаланушылардың жауапкершілігін тәрбиелеу мақсатында өткі-зілетін «мен OFFLINE» және «қауіпсіз интер-нет» ақпараттық науқандарына қатысқан. Тәулік бойы жұмыс істейтін «BALA QORGAU» чаты ұйымдастырылған (16 мың жазылушы) (stat.gov.kz., 2018).

Әрине, мұндай жұмыстардың атқарылып жатқаны дұрыс, дегенмен елімізде интернетті заңдық тұрғыдан реттеуді жүйелі түрде жүргізіп, әсіресе жас балаларды зиянды ақпараттардан қорғау шараларын күшейтсек дұрыс болар еді, осы орайда бұл бағытта қолданылатын **шетелдік тиімді тәсілдерді** талдап көрсек.

Қазіргі таңда интернетті заңдық тұрғыдан реттеудің тәсілдері әр түрлі, дегенмен олар-ды екі әдіспен жинақтап көрсетуге болады. Біріншісі – мазмұндық сүзгіден өткізу тәсілі (контент-филтр), яғни нақты бір белгіленген сөз тіркестері мен тақырыптардың жиі қолданыста болатындығын анықтау. Екіншісі – «файербол» тәсілін қолдану, яғни интернет қолданушылар шетелде жарияланған материалдарға қол жеткізе

алмайды, оларға заңдық тұрғыдан шектеулер қойылған (Асанбаев М., 2017). Бұл тәсілдер біздің елімізде де қолданылады.

Әлемдегі дамыған елдердің бірі АҚШ-та бұл жоғарыда аталған мәселелерді өзін-өзі реттеу шараларын қолдану арқылы шешу жағы қарастырылған, мысалы интернеттегі материалдардың мазмұнына бақылау жасаудың бірнеше тәсілдері бар. Соның бірі - арнайы бағдарламалық пакеттері бар құрылғы орнату, яғни бұл арқылы балалардың порнографиялық сайттарға қолжетімділігі шектеледі.

Келесі бір тәсіл – қоғамдастықтар арнайы бағдарламалар жинақталған ата-аналар бақылауы қызметін қолдануды ұсынады. Сонымен қатар көптеген бағдарламалар белгілі бір сөздер жинағынан тұрады да, олар қызметтің бұғатталуына әкеліп соғады. Бұл аталған бағдарламаларға балама тәсіл ретінде порнография мен тұтынушыларға арналған бейәдеп мазмұндағы материалдарды бұғаттаудың онлайн жүйесі қолданылады. Бұл жағдайда бұғаттауды тұтынушы емес, интернетпен қамтамасыз етуші мекеме іске асырады, бұл орнатуы да қолданылуы оңай әдіс (Dawn A.Edick, 1998).

Ересектер үшін қалыпты жағдай болып есептелетін кейбір «ерсі» мазмұндағы материалдарды көруден балаларды қорғау мәселесі, көпшілікті көп қызықтыра бермейді. Көп жағдайда интернетте әдепсіз сипаттағы, бірақ үлкендерге арналған маңызды мақсаттарды көздейтін медициналық және ағартушылық бағыттағы материалдар мен өзара көмек қолын ұсыну бағытындағы қажетті ақпараттар болады. Мәселен, ересектер порнографиясы АҚШ-та конституциялық тұрғыдан қорғалған, сол себепті де оған Интернетте шектеу қоюға болмайды. Бұл жерде V-чиптерге, цензура қойылған бағдарламаларға, онлайн қызмет көрсетуші провайдерлердің контент-скриндеріне жеткілікті дәрежеде сұраныс болу қажеттігі ескеріледі. Бұл тәсілдер ересектердің заңдық тұрғыдан қорғалатын бостандықтарына еш нұқсан келтірмейді, ең ұтымдысы – балаларды зиянды ақпараттардан қорғауға мүмкіндік береді.

1984 жылдан бастап **Ұлыбританияда** «Телекоммуникация туралы» заң қызмет көрсетушіге емес, контентті қамтамасыз етушілерге қолданыла бастады. Бұған қарамастан, интернет саласында қызмет көрсетушілер де бұған атүсті қарамай, өз жұмыстарын қауіп-қатерге тікпеуге келісті (Паламарчук А.В., 2012).

Біздің елімізде де интернет саласында қызмет көрсетушілер өз іштерінде реттеуші топ-

тар құрып, заңсыз материалдарға бақылау орнату арқылы билікке көмектесуді мақсат етулері қажет. Бұл шаралар үлкендердің құқығын сақтай отырып, ересектерге арналған контенттен балаларды тиімді қорғай алар еді.

Қазіргі таңда парламент мәжілісінде шетелдік әлеуметтік желілердің жұмыстарын реттеу мәселесіне қатысты заң жобасы мақұлданды. Бұған сәйкес, Қазақстан аумағында қызмет ететін шетелдік онлайн платформаның немесе жедел хабар алмасу сервисінің иелері мен өзге де заңды өкілдері міндетті мемлекеттік тіркеуден өтулері қажет, олай болмаған жағдайда бұл ресурстардың қызметі ел аумағында шектеледі. Сонымен қатар олар ҚР заңдарының талаптарын бұзатын ақпараттарды 24 сағат ішінде шектеуге немесе жоюға міндеттеледі. Бұл орайда депутаттар мұндай қадамдардың бәрі еліміздегі балалардың құқықтарын қорғау мақсатында қабылданып жатыр, өйткені ғаламтордан келер қауіп күннен-күнге күшеюде деген уәжді алға тартып отыр. Соңғы кездері мектептерде оқушылардың бірін-бірі жәбірлеуі және өз-өздеріне қол жұмсау деректері көбейген. Мұның бәрінің негізгі себепшісі – интернеттегі зиянды ақпараттар болып отырғандығын арнайы саланың сарапшылары да жоққа шығармайды. Депутат Динара Зәкиеваның айтуынша «осы жылдың тек алты айында 105 бала суицидке барған, 193 бала өз-өзіне қол жұмсауға оқталды. Бұл ретте бірқатар өңірлерде яғни Түркістан, Алматы, Шығыс Қазақстан облыстарында суицид көрсеткіші өскен» (Мұхади А., 2021).

Қорытынды және тұжырымдама.

Жоғарыда интернеттен келер қауіп көздерін атап өттік, ал олардан **қорғанудың жолдарын бүгінгі күні жан-жақты қарастырып**, тезірек қолға алмасақ, болашақта оның салдарымен күресу құны еліміз үшін тым қымбатқа түспек.

Әр түрлі компьютерлік бағдарламалар балалардың кибершабуылға ерте жастан ұшырауына әкеп соғатыны айтылды, сондықтан оқушылардың ұялы телефондар мен әлеуметтік медианы қолдана бастаған кезінде оның алдын-алу, біз үшін маңызды. Белгілі бір педагогикалық тәсілдер (мысалы, жеке және әлеуметтік жауапкершілік үшін бірлесіп оқыту әрі қажетті білім беру) немесе бағдарламалар, сондай-ақ әртүрлі агенттердің (мысалы, психологтар, мұғалімдер, ата-аналар, құрдастар) бірлескен жұмысы сияқты қорғаныс факторларын қолға алған дұрыс. Алайда, бұл бағытта оқушылардың кибершабуыл туралы сауаттарын ашу, әрі

қорғану жолдарын үйрету үшін қосымша зерттеулер мен сапалы ғылыми жобалар қажет.

Ұлыбритания үкіметі өткен жылдан бастап әлеуметтік желілердегі теріс қылықтармен күресуге бағытталған Интернеттегі қауіпсіздік туралы заң жобасын жасауды қолға алды. Бұл туралы Мәдениет, БАҚ және спорт министрлігінің өкілі: «Интернеттегі бассыздықтарға біздің қоғамда орын жоқ және біз компанияларды көбірек жұмыс істеуге және оны тоқтатуға мәжбүрлеу үшін жаңа қатаң заңдар енгізудеміз.

Біздің интернеттегі қауіпсіздік туралы алғашқы заңымызға сәйкес, егер олар британдық пайдаланушыларды осы қиянаттан қорғау міндетін орындамаса, әлеуметтік медиа компаниялары үлкен айыппұлдарға тап болады» – деп мәлімдеді (Dan Whitehead, 2021).

Facebook компаниясы қазіргі кезде 13 жасқа дейінгі пайдаланушылар үшін Instagram Kids қосымшасын іске қосуды жоспарлап отыр, бұл туралы Facebook қауіпсіздік қызметінің басшысы Антигона Дэвис: «Біз жасөспірімдер үшін жасалмаған платформаға кіру үшін олардың жасы туралы өтірік айтудың орнына, ата-аналары балаларының тәжірибелерін бақылап және басқара алатын Instagram нұсқасына қол жеткізу мүмкіндігін пайдалану дұрыс деп санаймыз» - деп хабарлады (Raphael Reis Coelho Jonice de Oliveira, 2021).

Міне, әлемнің алпауыт компаниялары мен дамыған елдерінің интернет қауіпсіздігін сақтауға мүдделі болып және осы бағытта мұндай шаралар ұйымдастыруы, біздің еліміздің мамандарын да ойландырып, жүйелі әрі кешенді істерге жұмылдырса, құба-құп болар еді.

Интернет қызметін құқықтық тұрғыдан реттеу, әсіресе балаларды оның зиянды ықпалынан қорғау, қазіргі таңдағы ең өзекті әрі шешімін табуы кезек күттірмес мәселелердің бірі болып отыр.

Балалардың интернет қауіпсіздігі мәселесіне келгенде ескерер жайттарды былайша жіктеуге болады: **бірінші кезекте**, елімізде бұл бағытта арнайы зерттеуші мамандар кешенді зерттеулер жүргізулері керек, **екіншіден**, жүйеленген ақпараттар қорын құру, әрі олардың көпшілікке қолжетімді болғанын қамтамасыз ету, **үшіншіден**, мемлекеттік органдар мен қызмет ұсынушы арнайы орындар бірлесіп, интернет қолданушылардың тұтынушылық және еркін ақпарат алу құқығына және сөз бостандығына қол сұқпау жағын ескере отырып, балаларды зиянды ақпараттардан қорғаудың жүйесін құрастырып шыққандары дұрыс.

Ең бастысы, ата-аналар балаларының интернеттегі материалдарға қолжетімділігін қатаң бақылап, өз жауапкершіліктерін арттырғандары жөн.

Әдебиеттер

Bozzola E, Spina G, Ruggiero M, Vecchio D, Carusi C, Bozzola M, et al. (2015) Media use during adolescence. Ital J Paediatr. 45:149

Bozzola E, Staiano A.M., Spina G, Zamperini N., Marino F., Corsello G. (2021) Social media use to improve communication on children and adolescent's health: the role of the Italian Paediatric Society influencers Ital J Paediatr. 47:171, P. 2 –9.

Dawn A.Edick (1998) Regulation of Pornography on the Internet in the United States and the United Kingdom: A Comparative Analysis, 21 B.C. Int'l & Comp.L.Rev.437 <http://lawdigitalcommons.bc.edu/iclr/vol21/iss2/4>.

Evangelio C., Gonzalez S. (2021) Cyberbullying in elementary and middle school students: A systematic review J Computers and Education Volume 176, November

Luyten H. (2021) Studies in Educational Evaluation Volume 72, march, 101101

Kostygina G, Tran H, Binns S, Szczycka G, Emery S, Vallone D, et al. (2020) Boosting health campaign reach and engagement through use of social media influencers and memes. SM+S. 6:1–12

Lund L., Solvhoj N.I., Danielsen D., Andersen S. (2021) Electronic media use and sleep in children and adolescents in western countries: a systematic review BMS Public Health 21:1598, P. 2 –14.

Паламарчук А.В. (2012) Регулирование правоотношений в сети Интернет в зарубежных странах // Вестник Академии Генеральный Прокуратуры РФ, – №6 (32), – С. 24-31.

Электрондық ресурс:

Асанбаев М. (2017) К вопросу о необходимости регулирования интернета в КЗ.– URL: <http://kisi.kz>

Білім беру статистикасы (2021). URL:https://stat.gov.kz/faces/wcnav_externalId/homeNumbersBusinessRegistersReestr?lan g=ru&_afriLoop=15049312718668981

Мұхади А. (2021) Қазақстанда шетелдік әлеуметтік желілерді шектеу туралы заң жобасы мақұлданды URL: <https://stan.kz/kazakstanda-sheteldik-aleumettik-zhelilerdi-shek-teu-tur-352434/>

Raphael Reis Coelho Jonice de Oliveira (2021) How Twitter has been used for share pedophilia content in 2020: An empirical study <https://dl.acm.org/doi/abs/10.1145/3470482.3479473>

Cristina Criddle Facebook grilled over mental-health impact on kids (2021) <https://www.bbc.com/news/technology-58753525>
ҚР БҒМ балалардың құқығын қорғау комитетінің 2018 жылғы баяндамасы [электрон.ресурс] (2018). URL:<https://www.gov.kz/memleket/entities/bala?lang=kk>
<https://news.sky.com/story/covid-19-online-hate-speech-has-increased-by-20-in-the-uk-since-start-of-the-pandemic-research-finds-12469034> (2021)

References

- Bozzola E, Spina G, Ruggiero M, Vecchio D, Carusi C, Bozzola M, et al. (2015) Media use during adolescence. *Ital J Paediatr.* 45:149, p. 14 –27.
- Bozzola E, Staiano A.M., Spina G, Zamperini N., Marino F., Corsello G. (2021) Social media use to improve communication on children and adolescent’s health: the role of the Italian Paediatric Society influencers *Ital J Paediatr.* 47:171, p. 2 –9.
- Dawn A.Edick (1998) Regulation of Pornography on the Internet in the United States and the United Kingdom: A Comparative Analysis, 21 *B.C. Int’l & Comp.L.Rev.*437 <http://lawdigitalcommons.bc.edu/iclr/vol21/iss2/4>.
- Evangelio C., Gonzalez S. (2021) Cyberbullying in elementary and middle school students: A systematic review *J Computers and Education Volume 176*, November
- Luyten H. (2021) *Studies in Educational Evaluation Volume 72*, march, 101101
- Kostygina G, Tran H, Binns S, Szczypka G, Emery S, Vallone D, et al. (2020) Boosting health campaign reach and engagement through use of social media influencers and memes. *SM+S.* 6:1–12
- Lund L., Solvhoj N.I., Danielsen D., Andersen S. (2021) Electronic media use and sleep in children and adolescents in western countries: a systematic review *BMS Public Health* 21:1598, P. 2 –14.
- Palamarchuk A.V. Regulirovanie pravootnoshenii v seti Internet v zarubezhnyh stranah [Regulation of legal relations on the Internet in foreign countries] // *Vestnik Akademi generalnyi prokuratury [Bulletin of the Academy of the Prosecutor General of the Russian Federation]*, – 2012, – №6 (32), – C. 24-31. [in Russian].

Electronic resources:

- Asanbaev M. K boprosu o neobhodimosti regulirovaniya internet b KZ. [The issue of the need to regulate the Internet in KZ]. – 2017. – Available at: <http://kisi.kz>. [in Russian].
- Bilim beru statistikasy [Education statistics] 2021. – Available at: https://stat.gov.kz/faces/wcnav_externalId/homeNumbersBusinessRegistersReestr?lang=ru&_afLoop=15049312718668981. [in Kazakh].
- Muhadi A. Kazakstanda sheteldik aleumettik zhelilerdi shekteu turaly zan zhobasy makuldandy [A draft law on restricting the work of foreign social networks has been approved in Kazakhstan]. – 2021. – Available at: <https://stan.kz/kazakstanda-sheteldik-aleumettik-zhelilerdi-shekteu-tur-352434/> (15.09.2021). [in Kazakh].
- Raphael Reis Coelho Joice de Oliveira (2021) How Twitter has been used for share pedophilia content in 2020: An empirical study <https://dl.acm.org/doi/abs/10.1145/3470482.3479473>
- Cristina Criddle Facebook grilled over mental-health impact on kids (2021) <https://www.bbc.com/news/technology-58753525>
ҚР БҒМ балалардың құқығын қорғау комитетінің 2018 жылғы баяндамасы [Report of the Committee for the Protection of Children’s Rights under the Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan 2018 years]2021. – Available at: <https://www.gov.kz/memleket/entities/bala?lang=kk> [in Kazakh].
<https://news.sky.com/story/covid-19-online-hate-speech-has-increased-by-20-in-the-uk-since-start-of-the-pandemic-research-finds-12469034> (2021)